

**«6D060700» « Биология» мамандығы бойынша философия докторы (Ph.D) дәрежесін алу үшін ұсынылған Жиенбеков Айбектің «Алакөл көлінің альгофлорасының биоалуантүрлілігін және систематикасын зерттеу» тақырыбындағы диссертациясына**

**ШКІР**

Диссертант Жиенбеков Айбектің ғылыми жұмысы Алакөл көлі балдырларының алуантүрлілігін және оның заманауи систематикасын зерттеуге, доминантты балдырлардың генетикалық полиморфизімін анықтауға бағытталған. Докторанттың диссертациялық зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша-11 ғылыми мақалалары басылымдарда жарияланған; оның ішінде 3-мақала Web of Science және Scopus мәліметтер базасына енген, 1-мақала РИНЦ жүйесіндегі шетелдік журналдарда, 3-мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті тізіміндегі республикалық ғылыми журналдарда, 4 тезис халықаралық ғылыми конференцияларының материалдар жинағында жарияланған.

Қазіргі уақытта биологиялық алуантүрлілікті зерттеу және оны сақтап қалу көптеген елдердің табиғатты қорғауда басты мәселесіне айналды. Мұны Рио-де-Жанейрода қабылданған биоалуантүрлілікті сақтау конвенциясы (1992), Йоханнесбург (2002) және Рио-де-Жанейродағы (2012) конференциялар дәлелдейді. Қазақстан 1994 ж. биологиялық алуантүрлілікті сақтауды қолдаушы мемлекеттер қатарына енді, сондықтан табиғатты қорғау және биоалуантүрлілікті сақтау мәселелеріне ерекше көңіл бөлініп, 1997 ж. биоалуантүрлілікті сақтау ұлттық стратегиясы қабылданды. Алакөл көлінің ғалымдар тарапынан альгофлорасы толыққанды зерттелмеген. Сондықтанда қазіргі кезде антропогенді әсердің көлдің экожүйесіне күн санап ұлғаюына байланысты бұл көлдің балдырлар биоалуантүрлілігін анықтау және заманауи систематикасын жасау сонымен қатар заманауи проблема «жасыл әлем» экономикасына сәйкес докторлық диссертациялық жұмыстың өзектілігіне негіз болады.

Жиенбеков Айбек диссертациялық ғылыми жұмыстарын үлкен қызығушылықпен атқарды. Зерттеу нысанына байланысты бірнеше рет ғылыми экспедицияға шығып, балдырлар сынамаларын жинақтады. Алға қойған мақсаттары мен міндеттерін толықтай орындады және шет елдік (Израил, Хайфа Университеті) ғылыми іс-сапар кезінде өзін жақсы жағынан көрсетіп, молекула-генетика саласындағы ДНҚ бөлу, ПТР және Гел электрофорез әдістерін игеріп, харофитті балдырлардың полиморфизімін анықтады. Ғылыми кеңесші ретінде докторанттың ғылыми жұмыс істеу барысын бақыладым және автордың жұмысымен таныса келе докторант Жиенбеков Айбекті «6D060700» « Биология» саласы бойынша философия докторы (Ph.D) дәрежесін беруді ұсынамын.

Ғылыми кеңесші

«Молекулалық биология және генетика»  
кафедрасының профессоры, б.ғ.д.,

 А. Б. Бигалиев.

Начальник управления подготовки и  
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби  
Р.Е. Кудайбергенова